

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік Университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінің
№1 ХАТТАМАСЫ

02.09.2024ж.

Қатысқандар: комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова, мүшелері: оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов, PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев, PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева, ХҚТУ проф. Г.Сарбаева, аға оқытушы А.Еримова, хатшы А.Е.Сержанова

Күн тәртібінде:

1. Факультеттің оқу-әдістемелік комитет құрамын және комитет жоспарын бекітуге ұсыну
2. 2024 - 2025 оқытушы профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын бекітуге ұсыну
3. 2024-2025 қабылданған білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогын бекітуге ұсыну
4. 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, МӨЖ, ОБМӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауын, кестесін және іс –тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну
5. Білім беру бағдарламалары бойынша 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндердің тізімін талқылап, бекітуге ұсыну
6. Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын талқылап, бекітуге ұсыну
7. 2024-2025 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының кестесін, ақылдасу сабақтарының сарапшылары тізімін бекітуге ұсыну
8. Оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну
9. 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсыну
10. Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын бекітуге ұсыну
11. Кафедралардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайы
12. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

- 1. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** Оқу жылының басталуымен құттықтады. Факультеттің оқу-әдістемелік комитет жоспарын бекітуге ұсыну қажет. Факультеттің оқу-әдістемелік комитет құрамы төмендегіше бекітілді.

Э.Ибрагимова - техн.ғ.к., доцент м.а., төрайымы

1. Б.Сарсенов – аға оқытушы, декан орынбасары
2. Ж.Турғанбаева – PhD оқытушы, математика кафедрасы
3. Г. Сарбаева- х.ғ.к., доцент, экология және химия кафедрасы
4. Н.Шектібаев - PhD, аға оқытушы, физика кафедрасы
5. А.Ж.Еримова – оқытушы, биология кафедрасы
6. А.Е.Сержанова- оқытушы, ОӘК хатшысы

Шешім: Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің құрамы және кеңес жоспары бекітуге ұсынылсын

- 2. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** 2024 - 2025 оқу жылында оқытушы профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын бекітуге ұсыну үшін, кафедра білім беру бағдарламасындағы оқытылатын пәндерге қажет және ОӘК ережесіне сәйкес 1-қосымшаны қамтамасыз ете алатындай болу керек.

Факультет мүшесі Сарбаева Г.Т.: Экология және химия кафедрасы оқытушыларының 2024-2025 оқу жылына жоспарланған оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтары 6B01512-Химия Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың теориялық және практикалық мәселелеріне қатысты білімдерді қамтиды. Дайындалатын оқу құралдары жоғары оқу орындарында химия, химия-биология және экология мамандарын дайындауға арналған. Кафедрада оқытылатын пәндерге қажетті әдебиет көздері болып табылады.

№ р/н	Авторлардың аты-жөні	Дайындалатын жұмыстың түрі, аталуы (монография, оқулық, оқу-әдістемелік нұсқау)	Көлемі (баспа табак) бет саны	Тиражы (дана)	Қай тілде
1	Алтынбекова М.О.	«Қазіргі заманғы экспериментальды термодинамиканың негіздері». Оқу құралы	8,0 б.т.	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025
2	Сарбаева Қ.Т.	Аналитикалық химияға арналған тест тапсырмалары. Оқу құралы.	8 б.т.	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025
3	Жылысбаева Г.Н.	Элементтер химиясы II (Металдар және олардың қосылыстары). Оқу құралы.	8 б.т.	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025
4	Берді Д.	«Цифрлық гигиена және кибербуллинг». Оқу құралы	8,0 б.т.	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025

Оның үстіне, 6B01512-Химия (IP) білім беру бағдарламасының «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы барысында 2024-2025 оқу жылында қабылданған білімгерлерге оқытылатын «Атом құрылысы және периодтылық», «Аналитикалық химия», «Химиялық талдау», «Термохимия» пәндерінің мазмұны бойынша Халықаралық қазақ-түрік университетінің ОӘК ережесіне сәйкес 1-қосымшадағы әдебиеттермен қамтылуы тиіс. Осыған орай кафедра ОПҚ тарапынан дайындалып жатқан оқу құралдары кафедраның оқу-әдістемелік жылдық жоспарында қамтылды.

Комитет мүшесі Еримова А.Ж.: 2024-2025 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау барысында ұсынылып отырған оқу құралдары 6B01513, 6B05146—Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары білімгерлеріне арналған.

№	Автордың аты-жөні	Дайындалатын жұмыстың түрі, аталуы(монография, оқулық,оқу-әдістемелік құрал)	Көлемі (баспа табак,бет саны)	Тиражы (дана)	Тілі
1	Ғ.И.Исаев, Г.С.Халикова	«Жаратылыстану пәні мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі (6-сынып мысалындағы сөздігі мен тапсырмалар жинағы)» оқу құрал	9,0	100	Қазақ тілінде қазан 2024 ж
2	Дуйсебекова А.	«Биологиялық білімнің дамуындағы жаңа тұжырымдар», оқу құрал	7,0	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025ж.
3	Абдраимова Қ.	«Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы», оқу құрал	6,0	10	Қазақ тілінде Мамыр 2025 ж.
4	Турметова Г., Бабаева Г.	Зоологиялық зерттеулердің әдістері Оқу құралы	6,0	10	Наурыз, 2025ж.

Сонымен қатар техн.ғ.к., доцент м.а. Ғ.И.Исаев, доцент Г.С.Халикованың «Жаратылыстану пәні мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі (6-сынып мысалындағы сөздігі

мен тапсырмалар жинағы)» оқу құралы 6B01513- Биология білім беру бағдарламаласының «Биологияны оқытудың әдістемесі» пәніне, б.ғ.к., доцент м.а. Қ.Т.Абдраимованың «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы», оқу құралы 6B01513- Биология білім беру бағдарламаласында «Қолданбалы биология және топырақтану негіздері» пәніне; 6B05146-Биология БББ – «Өсімдіктердің экологиялық физиологиясы», «Өсімдіктер интродукциясы», «Өсімдік шаруашылығы» пәніне; 6B05169-Биотехнология БББ – «Экологиялық биотехнология», «Биологиялық жүйелерді зерттеу әдістері мен құралдары» пәндері, Турметова Г., Бабаева Г. Зоологиялық зерттеулердің әдістері атты оқу құралы 6B05146-Биология БББ-ның «Зоологиялық зерттеулердің әдістері мен принциптері», «Зоология I,II» пәндеріне; х.ғ.к., доцент м.а. Ә.Дүйсебекованың «Биологиялық білімнің дамуындағы жаңа тұжырымдар» оқу құралы 6B01513- Биология білім беру бағдарламаласының «Биологияны оқытудың әдістемесі» пәндерінің оқыту нәтижелеріне қажет болады және Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 1-қосымша білім беру бағдарламасы пәндерінің Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу картасын толықтырады.

Сонымен қатар, техн.ғ.к., доцент м.а. Ғ.И.Исаев, доцент Г.С.Халикованың «Жаратылыстану пәні мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі (6-сынып мысалындағы сөздігі мен тапсырмалар жинағы)» оқу құралы AP14871864 «Қазақстандық мұғалімдердің көп сауатты моделін әзірлеу және биологиялық білім беру үрдісінде пәндік тілді кіріктірілген оқыту әдістемесімен білім беру үлгілерін стратегиялық түрлендіру» тақырыбындағы гранттық жобаның жоспарына сәйкес ұсынылып отыр.

Комитет мүшесі Ж.Турганбаева: Жоспар бойынша «Математика» кафедрасының оқытушылары К.Ж.Назарова мен Ж.С.Еркишеваның «Қаржылық математика» атты оқулығын шығаруға ұсынылған. Қазіргі таңда 6B05449 Математика білім беру бағдарламасында «Ақтауарлық және қаржылық математика» атты пәні негізгі оқу жоспарына енгізілген. Сондықтан бұл пәнге қатысты оқулықтың аз екендігін ескере отырып, оқулықтың жоспарланғанын қолдайтынын айтты.

Комитет мүшесі Б.Ж.Сейтов: Кафедра оқытушыларының 2024-2025 оқу жылында жоспарланған оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары мен электрондық оқулықтары 6B01510-физика білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың теориялық және практикалық мәселелеріне қатысты білімдерді қамтып, толықтырады. Дайындалатын электронды оқулықтар ЖОО-да физика мұғалімдерін даярлауға сонымен қоса ғылыми бағыттағы физика мамандарын дайындауға арналған. Кафедрада оқытылатын пәндерге қажетті әдебиет көздері болып табылады.

№	Оқытушының аты-жөні	Дайындалатын жұмыстың аты	Монография, оқулық, оқу-әдістемелік нұсқау	Көлемі	Дайын болу мерзімі
1	Сарыбева Ә.Х.	"Кванттық физикадағы іргелі эксперименттер"	Электрондық оқулық	104846 kb	Қазан 2024ж.
2	Сарыбева Ә.Х.	"Жылу физикасы"	Электрондық оқулық	85321 kb	Қараша 2024ж.
3	Сарыбева Ә.Х.	"Тұрақты электр тогы"	Электрондық оқулық	37523 kb	Наурыз 2025ж.
4	Раманкулов Ш., Мусахан Н., Келесбаев К., Түйебаев М.	Easy STEM Activities in Physics.	Оқу құралы	6 б.т.	Желтоқсан, 2024ж.
5	Батырбеков А	Астрономиядан	Оқу әдістемелік	6 б.т.	Мамыр,

	Сарыбаева Ә Шектибаев Н	лабораториялық практикум	құрал		2025ж
--	----------------------------	-----------------------------	-------	--	-------

Білімгерлердің білім беру бағдарламасының «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы барысында білімгерлерге оқытылатын пәндер ХҚТУ, ОӘК ережесіне сәйкес 1-қосымшадағы әдебиеттермен қамтылуы тиіс. Осыған орай 6B01510-физика білім беру бағдарламасында оқытылатын «Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері» пәнінің мазмұнына сай материалдармен қамтылған «Жылу физикасы» электрондық оқулығы, «Тұрақты және айнымалы токтар физикасы» пәнінің мазмұнына сай «Тұрақты электр тогы» электрондық оқулығы, «Кванттық физика» пәні мазмұнына сай «Кванттық физикадағы іргелі эксперименттер» электрондық оқулығы, «Астрономия» пәнінің мазмұнына сай «Астрономиядан лабораториялық практикум» оқу-әдістемелік құралы, «Физиканы оқыту әдістемесі» пәндерінің мазмұнына сәйкес келетін «Easy STEM Activities in Physics» оқу құралдарымен толығып қамтылады. Осыған орай кафедрада ОПҚ тарапынан дайындалып жатқан электронды оқулықтары, оқу және оқу-әдістемелік құралдары, кафедраның оқу-әдістемелік жылдық жоспарында қамтылды.

Шешім: Факультет оқытушыларының 2024-2025 оқу жылында дайындалатын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспары кафедрада оқытылатын білім беру бағдарламаларына сай білімгерлер оқытылатын пәндерге сәйкес әзірленсін.

3. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** 2024-2025 қабылданған білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогы кафедралар бойынша жасалып, талданып, бекітуге дайындалу қажет.

Шешім: 2024-2025 қабылданған білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогы кафедраларда талданып, бекітуге дайындалсын.

4. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** 2024-2025 оқу жылының күзгі семестрінде ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру әр кафедраның әдістемелік төрағасы мен төрайымдарына жүктеледі. Силлабусты әзірлеуде оқу жоспар, оқулықтар мен оқу құралдардың мазмұны ескеріледі. Әр курстар бойынша силлабустардың жасалуы олардың білім беру бағдарламаларымен сәйкестендірілу қажет. Кафедралардағы оқу-әдістемелік секция жетекшілері пәндердің оқу бағдарламалары, семинар, зертхана жүргізу және БӨЖ, ОББӨЖ, МӨЖ, ОБМӨЖ орындау бойынша әдістемелік нұсқаулары сапа үлгілері бойынша жасалынуын қадағалауы тиіс. Кафедраларда осы оқу жылында өтілетін пәндердің тізімдеріне сәйкес силлабустар мен оқу бағдарламалар болуы тиіс.

Кафедралардағы барлық мамандықтардың 1-4 курс білімгерлерінің, магистранттардың академиялық күнтізбеге сай тәжірибелері (практика) анықталып, бағдарламалары мен жоспар кестесі дайындалу қажет.

Шешім: 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары, силлабустары және оқу-әдістемелік кешендері бойынша әдістемелік нұсқаулары бекітілсін. Кафедралардағы мамандықтардың тәжірибе (практика) бағдарламалары мен жоспар кестесі дайындалып, бекітуге ұсынылсын.

5. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** Кафедралар бойынша 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер тізімі жасалынып, бекітуге ұсынуларыңыз қажет.

Шешім: Кафедралар бойынша 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер тізімі жасалынып, бекітуге ұсынылсын

6. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** Кафедралардың 2024-2025 оқу жылында орындалатын барлық жоспарлар мен индикативті жоспарлары университеттің стратегиялық жоспарына сәйкестендіріліп, талқыланып бекітуге ұсынылу қажет.

Шешім: Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын талқыланып, бекітуге ұсынылсын

7. **Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.:** 2024-2025 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ақылдасу сабақтарының кестесі кафедраларда талқылап, бекітуге ұсыну қажет.

2024-2025 оқу жылындағы 1 семестрде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспары

№	Кафедрасы	Оқушылардың аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Жоспарланған уақыты /күні	Аудитория
Жаратылыстану ғылымдары факультеті						
1	Биология	Әзімбай А.	Эволюциялық теория	Микроэволюция ілімі	07.11.2024 09.30-10.20	3-212
2		Кәрімжан Т.	Мектепте биологияны оқытудың инновациялық әдістері	Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану	11.10.2024 13.30-14.20	3-242
3	Математика	Тлеукеев Е.Д.	Математикалық программалау	Сызықтық программалау есептерін шешудің симплекс әдісі	14.10.2024 ж., 8:30 -9:20	3-324
4		Бердібек А.	Алгебра 1	Матрицаларға қолданылатын амалдар (қосу, азайту, санға көбейту, транспонирлеу, көбейту)	05.11.2024 15:30-16:20	3-310
5	Физика	Полатұлы С.	Физика философиясы	Әбу Наср Әл-Фараби	18.11.2024, 14.30-15.20	3-303
6		Ергөбек Е	Арнайы және жалпы салыстырмалылық теориясы	Релятивистік механикадағы гравитациялық өріс	06.12.2024, 10.30-11.20	3-305
7	Экология және химия	Баешова Г.	Экологиялық химия	Семинар. Биосферадағы химиялық заттардың айналымы. Макро және микроэлементтер.	20.11. 2024 11.30-12.20	3-302
8		Жылысбаева Г.Н.	Элементтер химиясы	Лекция. Оттек және оның қосылыстары.	30.09.2024 14.30-15.20	3-312

**2024-2025 оқу жылында факультет бойынша өтілетін ақылдасу сабақтарының
сарапшылар тізімі**

№	Кафедра	Сарапшының аты-жөні	Дәрежесі, қызметі
1	Биология	Ибрагимова Эльмира Қоңыратбайқызы	Техн.ғ.к., доцент м.а.
2	Математика	Назарова Күлзина Жаркимбековна	Ф.-м.ғ.к.
3	Физика	Сарыбаева Әлия Хожанқызы	П.ғ.к., доцент
4	Экология және химия	Сарбаева Гүлнар Тұрсынбайқызы	Техн.ғ.к., доцент

Шешім: 2024-2025 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ақылдасу сабақтарының кестесін дайындап, бекітуге ұсынылсын. Ақылдасу сабақтарының сарапшылары тізімі жасалып, бекітуге ұсынылсын

8. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.: 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын жасақтап, бекітуге ұсыну қажет. Комиссия құрамына төменде көрсетілген ОПК-ы ұсынсақ.

Сараптайтын эксперттік комиссия құрамы

№	Сарапшының аты-жөні	Факультет	Кафедра	Дәрежесі, қызметі
1	Тойжигитова Баян Бойтайқызы	Жаратылыстану	Биология	PhD, аға оқытушы
2	Мұратбекова Молдир Абдразақовна	Жаратылыстану	Математика	PhD, аға оқытушы
3	Түйебаев Мейірбек Қумуханбетұлы	Жаратылыстану	Физика	х.ғ.к., аға оқытушы
4	Сарбаева Гүлнар Тұрсынбайқызы	Жаратылыстану	Экология және химия	Техн.ғ.к., доцент
5	Мейірбеков Әбділда Тұрсынханұлы	Жаратылыстану	Экология және химия	Техн.ғ.к., доцент

Шешім: оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын жасақтап, бекітуге ұсынылсын

9. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К. 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін анықтап, бекітуге ұсыну қажет. Емтихан қабылдау түрінің бағалауы, силлабустағы бағалау критерийінде көрсетіліп, талдануы қажет. Әр кафедра мәжілісінде жеке талданып, ұсыныс жасалу қажет.

Шешім: 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсынылсын

10. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К.: Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың тізімі төмендегіше қарастырылуда. Бұл семинарлар факультет бойынша жүргізіледі, сонымен қатар өздеріңіздің кафедраларыңызда да кафедраішілік семинарлар ұйымдастырылсын. Сонымен қатар семинарларға оқытушы-профессор құрамының қатысуына ықпал жасауларыңызды сұраймын.

2024-2025 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты бойынша факультет ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлар жоспары

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	Биология	STEM, STEAM-технология құралдарымен болашақ мұғалімдердің жаратылыстану сауаттылығын арттыру	Қараша, 2024 ж.	А.М. Дуйсебекова
2		Білімгерлердің өзіндік жұмысы – оқу үрдісін ұйымдастырудың жетекші формасы	Ақпан, 2025ж.	Қ. Т. Абдраимова
3		Биотехнология пәнін оқытуда интербелсенді әдістемені қолданудың тиімділігі	Қаңтар, 2025ж.	Э. К. Ибрагимова
4				
5	Математика	STEM технологиясын математиканы оқытудағы қолданыстары	Наурыз, 2025ж.	С Мамбетов
6		Математикалық білім беруде жасанды интеллектті қолдану: Оқыту мен оқытудағы инновациялар	Желтоқсан, 2024ж	Ж.Турганбаева
7		Болашақ информатика мұғалімдерінің медиа білімін қалыптастыру	Сәуір, 2025ж.	Г. Кошанова
8	Экология және химия	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту	Қараша, 2024ж.	Е.Ш Шахабаев
9		Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша оқу-әдістемелік кешендерді университет Ережесіне сәйкес рәсімдеу	Сәуір, 2025ж.	Д.К.Сунакбаева
10	Физика	Критериалды бағалауды физика сабағында қолданудың тиімділігі	Желтоқсан, 2024ж	Түйебаев М
11		Vr технологиясы - физиканы оқыту үдерісіндегі жаңа бетбұрыс	Ақпан, 2025ж	Құрбанбеков Б

Шешім: Оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинар кестесі жасалып, университеттің академиялық комитетіне бекітуге ұсынылсын

11. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жүктемедегі пәндері бойынша контенттері дайындалып, ayu.edu.kz порталына толық салыну қажет. Тек салынып қана қоймай контенттердің сапалы дайындалуына да аса мән беру қажет. Білім беру бағдарламасы пәндері бойынша толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг жасалынсын.

Шешім: 2024-2025 оқу жылындағы ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг жасалынсын

12. Әр түрлі мәселелер

12.1. техн.ғ.к., доцент м.а. Ғ.И.Исаев, доцент Г.С.Халикованың «Жаратылыстану пәні мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі бойынша (6-сынып мысалындағы сөздігі мен тапсырмалар жинағы)» тапсырмалар жинағын талдау туралы

аға оқытушы А.Еримова: «Жаратылыстану» пәні оқушылардың табиғат жайлы білімдерін дамытуға көмектеседі. 1-5 сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқу барысында табиғат туралы көптеген ұғымдармен, терминдермен және заңдылықтармен оқушылар танысты. Жаратылыстану ғылымдарына физика, химия, биология, астрономия, география, геология, биогеография, океанология, биохимияны жатқызады. Сонымен қатар осы аталғандардың бірігуінен туындаған бірқатар ғылымдар да бар. Олар: космология, астрофизика, физикалы химия, биофизика және т.б.

Бұл тапсырмалар жинағы мектеп мұғалімдері үшін 6-сынып бойынша «Жаратылыстану» пәнін жүргізуге көмектеседі. Оқу құралында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тапсырмалар құрастылған. Жас өспірім баланың ғылымға қызығушылығын арттыру болашақ ғалымдарды дайындауға, ғылымға деген сүйіспеншілігін арттыруға көмектеседі. Зерттеу жұмысы арқылы оқушы әлеументтік дағдыларға үйренеді.

ШЕШІМ: техн.ғ.к., доцент м.а. Ғ.И.Исаев, доцент Г.С.Халикованың «Жаратылыстану пәні мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесі бойынша (6-сынып мысалындағы сөздігі мен тапсырмалар жинағы)» тапсырмалар жинағын университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсынылсын.

12.2. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К: 1-курсқа қабылданған білімгерлер үшін пән презентациясы ұйымдастыру қажет. Топ кураторлары анықталып, пәндер мен оқытушылар туралы мәліметтер берілуі толық қамтамасыз етілсін. Оқытушы таңдау құқығы бар екендігі туралы білімгерлерге ақпарат берілсін. Және өтілген пән презентация нәтижесінің хаттамасы толтырылып, білім алушыларға қызмет көрсету орталығына өткізілуі керек.

Шешім: 1-курсқа қабылданған білімгерлердің пән презентация хаттамалары толтырылып, білім алушыларға қызмет көрсету орталығына өткізілсін.

12.3. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К: Профессор оқытушы құрамының жүргізетін пән бойынша біліктілік көтеру бойынша соңғы 5 жылға мониторинг жасалсын. Оқытушы-професорлардың 2024-2025 оқу жылы бойынша жүктемелері осы біліктілік талаптарының орындалуына назар аудара отырып, жасалыну қажет. Біліктілік сертификаттары пән бойынша болуы қадағалану кафедра меңгерушілеріне ескертілсін.

Шешім: Профессор оқытушы құрамының жүргізетін пән бойынша біліктілік көтеру бойынша соңғы 5 жылға сараптама жасалып, кафедралар бойынша қадағалансын.

12.4. Физика кафедрасының доценті, п.ғ.к. Ә.Х.Сарыбаеваның «Жылу физикасы», «Тұрақты электр тогы», «Кванттық физикадағы іргелі эксперименттер» атты электрондық оқулықтарын талдап, университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсыну туралы

PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев: Электрондық оқулық ақпаратты бейнелеудің әртүрлі формалары арқылы дискіде оқылатын және дискіде сақталтын, сапалы білім беретін электрондық тасымалдағышты дидатикалық, интерактивтік бағдарламалық жабдықтау деп айтуға болады. Білім сапасын арттыруда оқу үдерісінде электрондық оқулықты қолдану артуда. Компьютерлік оқыту жүйесінің бір түрі электрондық оқулыққа қойылған мүмкіндіктерге сәйкес әр түрлі түрде беріле алады. Доцент Ә.Х.Сарыбаеваның «Жылу физикасы», «Тұрақты электр тогы», «Кванттық физикадағы іргелі эксперименттер» атты электрондық оқулықтары мектеп физикасы бағдарламасына сай жасалған. Физиканы оқыту

үдерісінде қолдану тиімділігі мен артықшылығы көп. Электрондық оқулықтар физиканы оқитын білімгерлерге арналған.

Жалпы алғанда, аталған электрондық оқулық білім алушылар үшін үлкен құнды, қажетті оқулық деп білеміз.

Шешімі: Физика кафедрасының доценті, п.ғ.к. Ә.Х.Сарыбаеваның «Жылу физикасы», «Тұрақты электр тогы», «Кванттық физикадағы іргелі эксперименттер» атты электрондық оқулықтарына авторлық куәлік алу үшін университеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарауға ұсынылсын.

12.5. Комитет төрайымы, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.К: 2024-2025 оқу жылында Бітіруші білімгерлер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін анықтап бекітуге ұсыну қажет. Анықталған пәндер төмендегіше:

Білім беру бағдарламасы	1 Кешенді емтихан пәндер тізімі	2 Кешенді емтихан пәндер тізімі
6B01510-Физика	1.Физиканы оқыту әдістемесі 2.Механика және АСТ 3.Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері	1.Тұрақты және айнымалы токтар физикасы 2.Жарық сәулелерінің физикасы 3.Атом физикасы
6B05348-Физика	1.Механика 2.Молекулалық физика 3.Оптика	1.Кванттық физика 2.Электр және магнетизм 3.Ядролық физика
6B01513-Биология	1.Цитология және гистология 2. Биология пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту 3. Адам анатомиясы	1. Мектепте биологияны оқытудың инновациялық әдістері 2. Биологияны оқыту әдістемесі 3. Адам және жануарлар физиологиясы
6B05146-Биология	1. Ботаника I 2. Дәрілік (медициналық) өсімдіктер 3. Өсімдіктердің ұлпа культурасы (дақылдары)	1. Зоология I 2. Зоология II 3. Өндірістік микробиология
6B05169-Биотехнология	1. Биотехнология нысандары 2. Микробиотехнология 3. Тағам биотехнологиясы	1.Жасушалық биотехнология 2.Зообиотехнология 3. Фитобиотехнология
6B01512 - Химия	1.Бейорганикалық химия I-ЖК 2.Бейорганикалық химия II-ЖК 3. Химияны оқыту әдістемесі-ЖК	1. Органикалық химия I-ЖК 2.Органикалық химия II-ТК 3.Мектепте химиялық экспериментті жүргізу әдістемесі-ЖК
6B01562 – Химия-биология	1. Жалпы химия II-ЖК 2. Органикалық химия-ТК 3.Химияны оқыту әдістемесі-ЖК	1.Цитология және гистология-ЖК 2.Жеке даму биологиясы-ЖК 3.Биологияны оқыту әдістемесі-ЖК
6B05247 – Экология	1.Геоэкология-ТК 2.Экологиялық мониторинг-ТК 3.Климаттың ғаламдық өзгерістері - ЖК	1.Биогеохимия және экотоксикология- ТК 2.Өнеркәсіптік экология-ТК 3.Су ресурстарын тиімді басқару - ЖК

PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева: Математика кафедрасы бойынша бітірушілер дипломдық жоба қорғайды. Диплом қорғаудан босатылғандар үшін төмендегіше пәндер ұсынылды:

№	ББ шифры, атауы	Білім алушы саны	Қорытынды аттестаттау өткізу нысаны	Жауапты кафедра
1	6B01509-Математика	27	Дипломдық жоба	Математика
2	6B05449-Математика	53	Дипломдық жоба	
3	6B01573 Информатика, АКТ және робототехника	28	Дипломдық жоба	

№	Білім беру бағдарламасы	1.Кешенді емтихан пәндер тізімі	2.Кешенді емтихан пәндер тізімі
1	6B01509-Математика	1.Анализ 2.Сызықты алгебра және аналитикалық геометрия 3.Ықтималдықтар теориясы	1.Жай деффириенциалдық тендеулер 2.Математиканы оқыту әдістемесі
2	6B05449-Математика	1.Математикалық талдау I 2.Сызықты алгебра 3.Аналитикалық геометрия	1.Функционалдық талдау 2. Жай деффириенциалдық тендеулер I
3	6B01573-Информатика, АКТ және робототехника	1.Информатиканы оқыту әдістемесі 2.Информатиканың теориялық негіздері	1.Бағдарламалау негіздері 2.Деректер қорының негіздері

Шешім: 2024-2025 оқу жылында бітіруші білімгерлер үшін кешенді емтихан пәндері бекітуге ұсынылсын

Оқу-әдістемелік комитеттің төрайымы:



Э.Қ.Ибрагимова

Хатшы:



А.Е.Сержанова